

ЖҰМЫСТЫ ОРЫНДАУҒА НҰСҚАУ

БЕРІЛГЕН МӘЛІМЕТТЕР КҰРСЫҚ ЖОБАҒА ТАПСЫРМАДАН АЛЫНАДЫ

№ 1 ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

Кіріспе

Салынып жатқан жол саласының экономикалық сипаттамаларын, оның даму перспективаларын, көлік байланыстарының сипатын, қолда бар және ең ықтимал жүк құраушы пункттерді, жүктер мен жолаушыларды тасымалдауды қамтамасыз ету үшін жолдың маңызын, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуды келтіру [1].

1 Большая советская энциклопедия. – М.: – Советская энциклопедия, 1973.

2 Интернет источники

1 Табиғи жағдайлар және олардың жұмыс технологиясына әсері (20-25 %).

1.1. Климаты

ҚНЖЕ [2,3] және климаттық анықтамалыққа сәйкес климаттың қажетті сипаттамаларын анықтаңыз:

- орташа айлық ауа температурасы;
- жауатын жауын-шашын мөлшері;
- мөлшері күніне 5 мм-ден астам жауын-шашынды күндер саны;
- жерді ылғалдандыру түрі;
- қар жамылғысының қалыңдығы, оның қалыптасы және еру мерзімдері;
- көктемде және күзде жұмысқа кедергі кезеңдер мерзімдері;
- жол-климаттық аймағы (ДКЗ).

БАРЛЫҚ БЕРІЛГЕНДЕР ҚАЖЕТТІ КЕСТЕЛЕРГЕ ТОЛТЫРЫЛАДЫ.

2 СП РК 2.04-01-2017. Строительная климатология, Астана 2017

3 СНиП 2.01.01-82. Строительная климатология и геофизика. М.: Стройиздат, 1983.

4 Технология строительства автомобильных дорог, ч.1. / Сиденко В.М., Батраков О.Т., Леушин А.И. Изд-во «Вища школа», Киев, 1970 г., стр. 236.

Жол жұмыстарының әр түрлі топтарын орындау мерзімдерін көрсете отырып, жол-климаттық кесте салу (қараңыз: Әдістемелік нұсқау). Жер жұмыстарын жүргізудің ықтимал мерзімдерін белгілеу.

Жұмыс топтары	Температураға байланысты рұқсат етілген жұмыс түрлері	Орташа тәуліктік ауа температурасы
1	2	3
0	Дайындық жұмыстары – үймереттерді көшіру, электр беріліс жүйелерін тасымалдау, орман шабу, талдарды кесу. Қазындылар мен қорларды өңдеу. Үйінді тұрғызу – шоғырланған топырақ қорларынан, құмнан және тасты топырақтардан, торфтан тазалау. Нығайту жұмыстары – бағыттағыш ғимараттары үйінділері құламалары мен өзен арнасын. Жол жамылғысы конструктивті қабаттарының құрылысы – қиыршық және малта тастан, активтелген қождан, құралмалы цементті бетонды тақталардан.	0 ⁰ -тан төмен

	Құралмалы темір бетоннан жасалған көпірлер мен жасанды ғимараттардағы жеке жұмыстар.	
I	0-топтағы жұмыстар. Сызықтық жер жұмыстары	0 ⁰ -тан жоғары
II	I-топтағы жұмыстар. Жасанды ғимараттар құрылысы. Жол жамылғысы конструктивті қабаттарының құрылысы – минералды тұтқырғыштармен, битум эмульсияларымен және қаңқа қосымшаларымен нығайтылған топырақтар; сіңіру тәсілімен тұрғызылған қиыршық тастар қабаты; қара қиыршық тастар қабаты; битумды минералды және асфальт бетонды қоспалар. Катионды эмульсия қолданумен жасалған беттік өңдеу қабатын салу.	+5 ⁰ - тан жоғары
III	II-топтағы жұмыстар. Жол жамылғысы конструктивті қабаттарының құрылысы – ыстық асфальт бетон қабаты; органикалық тұтқырғыштармен жолда араластырылған қиыршық тас қабаты.	+15 ⁰ - тан жоғары